ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылдың 13 қыркүйек Іс № 5501-24-00-2/2675 Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрағалық етуші судья Е.Т. Магзумов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарап,

ТАЛАПКЕР:
«Павлодар ауданы Ольгинка ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Нуржауган Жаныкуловна Кунсиирова жеке кәсіпкер

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану;
2. Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы;

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Тараптардың қатысуынсыз

ҚАРАР БӨЛІГІ:

ҚР АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып сот,

ШЕШТІ:

«Павлодар ауданы Ольгинка ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Нуржауган Жаныкуловна Кунсиирова жеке кәсіпкерге мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы - қанағаттандырылсын.

Нуржауган Жаныкуловна Кунсиирова жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Мемлекет пайдасына Нуржауган Жаныкуловна Кунсиирова жеке кәсіпкерден 55 245 (елу бес мың екі жүз қырық бес) теңге көлемінде тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Нуржауган Жаныкуловна Кунсиирова жеке кәсіпкерден

мемлекеттің пайдасына 3 503 (үш мың бес жүз үш) теңге көлеміндегі мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге түпкілікті формада шығарылған күнінен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар оларға шешімнің көшірмелерін жіберген күннен бастап бір ай ішінде Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық наразылық білдіре алады.

Судья **Е. Магзумов**

Құжатқа қол қойылған: Магзумов Е. Т., 13.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 28.10.2024, судья Магзумов Е. Т., 29.10.2024